

## 2006-2010 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын үйімдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 18 мамырдағы N 132-ө Өкімі

Жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын үйімдастыру, олардың шығармашылық дамуы үшін қажетті жағдай жасау, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының, қылмыс жасауының, қараусыз және қадағалаусыз қалуының алдын алу мақсатында:

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1) жергілікті деңгейде мектептен тыс үйімдарда қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға көзделген қаражат, сондай-ақ демеушілік және қайырымдылық көмектер тарту есебінен жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын үйімдастыруды және өткізу ді қамтамасыз етсін;

2) жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын үйімдастыру жөніндегі, сондай-ақ балалар лагерьлерінің пайдалануға дайындығын қабылдау жөніндегі облыстық, қалалық және аудандық комиссияларды қалыптастырысЫн;

3) ата-аналар мен балалардың қажеттіліктерін, облыстардың, қалалардың және аудандардың экономикалық жағдайларын және ерекшеліктерін ескере отырып, балалар мен жасөспірімдердің 2006-2010 жылдарға арналған демалыс, сауықтырылу және жұмыспен қамтылу бағдарламаларын әзірлесін және бекітсін;

4) қаланың шетіндегі барлық лагерьлер мен демалыс аймақтарын есепке алууды жүргізсін, оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауды қамтамасыз етсін;

5) жалпы білім беретін мектептердің, мектептен тыс үйімдардың жанынан тамақтандыратын және тамақтандырмайтын күндізгі уақыттағы лагерьлерді, еңбек және демалыс лагерьлерін, мектеп орманшылығын, көркейту және көгалдандыру жөніндегі жасақтарды үйімдастырысЫн;

6) барлық үлгідегі лагерьлер желісін көбейту және олардың қызметін жақсарту, оларда балалардың болуы үшін қажетті материалдық-техникалық, тұрмыстық жағдай жасау, педагог және басқа да кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдастырысЫн;

7) бірінші кезектегі тәртіппен жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз

қалған балалардың, мемлекеттік қолдауға мұқтаж отбасыларынан шыққан, көп балалы, толық емес, аз қамтылған отбасылар балаларының, экологиялық қолайсыз аудандарда тұратын балалардың, мүгедек балалардың және даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың демалысын және сауықтырылуын тегін ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

8) еңбек заңнамасына сәйкес каникул кезеңінде жасөспірімдерді жұмыспен қамтуды, олар үшін жеңіл жұмыс бойынша уақытша жұмыс орындарын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

9) балалардың өмірі мен денсаулығын, олардың судағы қауіпсіздігін, сондай-ақ балаларды сауықтыру ұйымдарында өртке қарсы қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі:

1) жазғы кезеңде балалармен және жасөспірімдермен жүргізілетін жұмысқа мәдениет ұйымдарының қатысуына жәрдем көрсетсін;

2) балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын дайындау және оларды өткізу барысын бұқаралық ақпарат қуралдарында жария етуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі:

1) жазғы кезеңде балалармен және жасөспірімдермен жүргізілетін жұмысқа спорт ұйымдарының қатысуына жәрдем көрсетсін;

2) балалар мен жасөспірімдер үшін спортық-бұқаралық, сауықтыру іс-шараларын өткізуді ұйымдастырын.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі:

1) балаларды тасымалдау қауіпсіздігін және қаланың шетіндегі балалар лагерьлері мен демалыс аймақтарында қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін;

2) жазғы демалыс кезеңінде жолдар мен көшелерде балалардың жарақат алуын азайтатын алдын алу шараларын қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі:

1) балалар лагерьлерінің, олар орналасқан жерлердегі санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйді тұрақты бақылауды жүзеге асырсын;

2) балалар мен жасөспірімдерге медициналық қызмет көрсетуге және сауықтырылуына денсаулық сақтау ұйымдары қызметінің үйлестірілуін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі:

1) балалардың демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру орындарының өртке қарсы жай-күйіне тексеріс жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) балалар лагерьлерінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды әзірлесін.

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жыл сайын 5 қазанға қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне 2006-2010 жылдардың жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру қорытындысы туралы есепті ұсынсын.

8. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК